



"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін жасау туралы Локарно келісіміне қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 тамыз N 1106

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін жасау туралы Локарно келісіміне қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін
жасау туралы Локарно келісіміне қосылуы туралы

Локарно қаласында 1968 жылғы 8 қазанда қол қойылған Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық жіктемесін жасау туралы Локарно келісіміне Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Өнеркәсіптік үлгілердің халықаралық
жіктемесін жасау туралы
Локарно келісімі

1968 жылы 8 қазанда Локарнода қол қойылған

1-бап

Арнайы одақты құру; Халықаралық жіктемені қабылдау

(1) Осы Келісімді қолданатын елдер Арнайы одақ құрады.

(2) Олар бірыңғай өнеркәсіп үлгілерін жіктемені қабылдайды (бұдан әрі "Халықаралық жіктеме").

(3) Халықаралық жіктемеге енетіндер:

(i) топтар мен қосалқы топтардың тізімі;

(ii) өнеркәсіп үлгілері жинақталған тауарлардың алфавиттік тізімі, онда олардың жатқызылатын топтары мен қосалқы топтары қоса көрсетіледі;

(i i i) т ү с і н д і р м е .

(4) Топтар мен қосалқы топтардың рет санының Келісімге тіркелетін тізімі болады, ол 3-баптың негізінде құралған Сарапшылар комитетіне өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып енгізіледі (бұдан әрі "Сарапшылар комитеті") .

(5) Тауарлардың алфавиттік тізімі мен түсіндірмені 3-бапта белгіленген рәсім бойынша Сарапшылар комитеті қабылдайды.

(6) Халықаралық жіктеме 3-бапта тағайындалған рәсімге сәйкес Сарапшылар комитетінде өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

(7)(a) Халықаралық жіктеме ағылшын және француз тілдерінде жасалады.

(b) Халықаралық жіктеменің ресми мәтіні ынта білдірген үкіметтермен кеңескен соң Дүниежүзілік санаткерлік меншік ұйымын құрған (бұдан әрі "Ұйым" делінеді), Конвенцияда айтылған, санаткерлік меншіктің Халықаралық бюросымен (бұдан әрі "Халықаралық бюро" делінеді) 5-бапта айтылғандай, Ассамблеяның айқындауымен б а с қ а т і л д е р д е ж а с а л а д ы .

1 Локарно дипломатиялық конференциясымен қабылданған топтар мен қосалқы топтардың тізімі кейінірек Сарапшылар комитетімен өзгертілді, сондықтан да осы мәтінге қосымша ретінде берілген жоқ.

2 - б а п

Халықаралық жіктемені қолдану мен оның заңдық маңызы

(1) Осы келісім жүктеген жағдайлар ескеріле отырып, Халықаралық жіктеме

айрықша әкімшілік сипатқа ие болады. Оның үстіне әрбір ел өзіне қажетті деген тиісті заңдық маңыз береді. Мәселен, Халықаралық жіктеме Арнайы одақтың елдерін бұл елдердегі өнеркәсіптік үлгілерді қорғау мен оның түрлеріне қатысты б а й л а н ы с т ы р м а й д ы .

(2) Арнайы одақтың әрбір елі Халықаралық жіктемені негізгі немесе қосымша жүйе ретінде пайдалану құқығын өзінде қалдырады.

(3) Арнайы одақтың елдері ведомстволары Халықаралық жіктеменің топтар мен қосалқы топтарының нөмірлерін негізге алады, оған өнеркәсіптік үлгілер жинақталған тауарлар, өнеркәсіп үлгілерін депонирлеу немесе тіркеу туралы ресми құжаттар, ал ол ресми жарияланған болса - осы жарияланымдар жатқызылады.

(4) Тауарлардың алфавиттік тізіміне қосу үшін атауларды іріктегенде Сарапшылар комитеті айрықша құқықтың пәні болып табылатын атауларды пайдаланудан бойын аулақ салуға ерекше назар аударады. Соған қарамастан кез келген терминді алфавит тізіміне енгізу сол термин айрықша құқықтың пәні болып табыла ма, жоқ па, ол Сарапшылар комитетінің пікірі ретінде кедергі бола алмайды.

3 - б а п

С а р а п ш ы л а р к о м и т е т і

(1) Халықаралық бюро жанынан Сарапшылар комитеті құрылады, оған 1(4), 1(5) және 1(6) баптарда көрсетілген міндеттер жүктеледі. Арнайы одақтың әрбір елі Сарапшылар комитетіне ұсынылады, оның қызметі рәсім ережесімен айқындалып, ұсынылған елдердің жай басым дауысымен қабылданады.

(2) Сарапшылар комитеті алфавиттік тізім мен түсіндірмені Арнайы одақ елдерінің жай басым дауысымен қабылдайды.

(3) Халықаралық жіктемеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды Арнайы одақтың кез келген елінің ведомствосы немесе Халықаралық бюро енгізе алады. Қандай да бір ведомстводан туындаған кез келген ұсыныс осы ведомствомен Халықаралық бюроға жолданады. Ведомство мен Халықаралық бюро ұсыныстары Комитеттің осы ұсыныстары қарайтын сессиясы басталмастан кемінде екі ай бұрын Сарапшылар комитетінің мүшелеріне таратылады.

(4) Халықаралық жіктемеге қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізуге байланысты Сарапшылар комитетінің шешімі Арнайы одақ елдерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Сонымен бірге егер шешім жаңа топты құру немесе тауарды бір топтан екіншісіне ауыстыруға қатысты болса, онда бірауыздылық керек.

(5) Әрбір сарапшы хат алмасу арқылы дауыс беруге құқылы.

(6) Егерде ел Сарапшылар комитетінің мәжілісіне өз өкілін тағайындамаса немесе егер сарапшы Сарапшылар комитетінің тағайындалған рәсім ережесі бойынша белгіленген сессия жүріп жатқан уақытта дауыс бермесе, онда аталған ел Комитеттің

шешімін қабылдады деп есептелінеді.

4 - б а п

Хабарлама, жіктемені жариялау, оған өзгерістер мен толықтырулар

(1) Сарапшылар комитеті қабылдаған тауарлар мен түсіндірмелердің алфавиттік тізімі, сондай-ақ Комитет шығарған шешіммен Халықаралық жіктемеге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Халықаралық бюро арқылы Арнайы одақ ведомстволарына таратылады. Сарапшылар комитетінің шешімі хабарлама қолға тиген сәттен бастап күшіне енеді. Бірақ та, егер бұл шешімдер жаңа топты енгізу немесе бір топтан екіншісіне ауыстыруға қатысты

болса, ондай шешімдер хабарлама жөнелтілген датадан бастап алты ай өткенде күшіне енеді.

(2) Халықаралық бюро Халықаралық жіктеменің депозитары ретінде оған күшіне енген өзгертулер мен толықтырулар енгізеді. Өзгерістер мен толықтырулар жөніндегі хабарлар Ассамблеяның белгілеуімен мерзімді баспасөздерде жарияланады.

5-бап

Арнайы одақтың Ассамблеясы

(1)(a) Арнайы одақтың Арнайы одақ елдерінен тұратын Ассамблеясы болады.

(b) Арнайы одақтың әр елінің үкіметі бір делегаттан ұсынады, оның орынбасарлары, кеңесшілері мен сарапшылары болады.

(c) Әр делегацияға кететін шығынды оны тағайындаған үкімет көтереді.

(2)(a) Ассамблея 3-баптың ережелерін есепке ала отырып:

(i) Арнайы одақты сақтау мен дамытуға және осы Келісімді қолдануға қатысты барлық мәселелерді қарайды;

(ii) Халықаралық бюроға қайта қарау жөніндегі конференцияға дайындыққа қатысты нұсқаулар береді;

(iii) Ұйымның Бас директорының Арнайы одаққа қатысты бар есептері мен қызметін қарайды және бекітеді (бұдан әрі қарай "Бас директор" делінеді) оған Арнайы одақтың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті нұсқаулардың бәрін береді;

(iv) бағдарламаны айқындайды, Арнайы одақтың үшжылдық бюджетін белгілейді және қаржы есептерін бекітеді;

- (v) арнайы одақтың қаржы тәртібін бекітеді;
- (vi) Халықаралық жіктеменің ресми мәтінін ағылшын және француз тілдерінен басқа тілдерде дайындау мәселелерін шешеді;
- (vii) 3-бапқа сәйкес құрылған Сарапшылар комитетінен басқа, Арнайы одақтың мақсатын жүзеге асыруда қажет деп есептелген басқа да сарапшылар комитеті мен ж ұ м ы с т о п т а р ы н к ұ р а д ы ;
- (viii) Арнайы одақтың мүшесі болып табылмайтын қандай елдер екендігін, қандай үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың оның мәжілісіне бақылаушы ретінде қатысуға болатындығын айқындайды;
- (ix) 5-8 баптарға түзетулерді қабылдайды;
- (x) Арнайы одақтың алға қойған мақсаттарына бағытталған басқа да кез келген ә р е к е т т е р д і жүзеге асырады;
- (xi) осы Келісімнен туындайтын басқа да міндеттерді орындайды;
- (b) Ұйым әкімшілік ететін басқа да Одақтар үшін мүдделілік туғызатын мәселелер бойынша Ассамблея Ұйымның Үйлестіру комитетінің пікірін тыңдаған соң шешім қ а б ы л д а й д ы .

(3)(a) Ассамблеяның әрбір мүше-елі бір дауысқа ие болады.

(b) Ассамблеяның мүше-елдерінің тең жартысы кворумды құрайды.

(c) Егер қандай да бір сессияға қатысатын елдердің жартысынан азы келсе, (b) қосалқы тармағының ережесіне қарамастан, Ассамблеяға мүше-елдердің үштен біріне тең не одан асса, онда ол шешім қабылдай береді, алайда Ассамблеяның мұндай шешімдері, өзінің рәсім ережесіне қатысты шешімдерді қоспағанда, төменде келтірілген шарттарды сақтағанда ғана күшіне енеді. Халықаралық бюро аталған шешімдерді Ассамблеяның келмей қалған мүше-елдеріне жіберіп, оны жіберген күннен бастап есептегенде үш ай ішінде бұл шешімдер үшін дауыс бере ме не қарсы, не қалыс қала ма, жауабын жазбаша жіберуді сұрайды. Егер бұл мерзім бойына дауыс берген немесе қалыс қалғаны жөнінде хабарлаған елдер сессияда жетпей қалған кворумның орнын толтырады, мұндай шешімдер қажетті басымдылық бір мезгілде сақталған жағдайда күшіне енеді.

(d) (8)(2) баптың ережелерін ескере отырып, Ассамблея өз шешімдерін

берілген дауыстың үштен екісі көпшілік дауыспен қабылдайды.

(e) Қалыс қалған дауыстар есепке алынбайды.

(f) Делегат тек бір елдің ғана өкілі бола алады және оның атынан дауыс береді.

(4)(a) Ассамблея кезекті сессияға, төтенше жағдайлардан басқа кезде, Ұйымның Бас Ассамблеясы орналасқан жерге, сол уақытта Бас директордың шақыруымен үш жылда бір рет жиналады.

(b) Ассамблея төтенше сессияға Ассамблеяға мүше елдердің төрттен бірі

талап еткенде Бас директор арқылы шақырылады.

(с) Бас директор әр сессияның күн тәртібін дайындайды.

(5) Ассамблея өзінің рәсім ережесін қабылдайды.

6-бап

Халықаралық бюро

(1)(а) Арнайы одақтың әкімшілік міндеттері Халықаралық бюромен жүзеге асырылады.

(b) Халықаралық бюро сонымен қатар мәжілістерді дайындайды және Ассамблея хатшылығының, Сарапшылар комитетінің, сондай-ақ Ассамблея немесе Сарапшылар комитетінің құру мүмкін басқа да комитеттер мен жұмыс топтарының міндеттерін орындайды.

(с) Бас директор Арнайы одақтың басты лауазымды тұлғасы болып табылады және Арнайы одақтың атынан сөйлейді.

(2) Бас директор мен оған мүшелікке тағайындалған кез келген қызметкер Ассамблеяның, Сарапшылар комитетінің және Ассамблеямен, немесе Сарапшылар комитетімен құрылуы мүмкін басқа да Сарапшылар комитеттерінің немесе жұмыс топтарының мәжілістерінің бәріне дауыс беру құқығынсыз қатысады. Бас директор немесе оған тағайындалған мүше қызметкер ex officio осы органдардың хатшысы болып табылады.

(3)(а) Халықаралық бюро Келісімнің ережелерін қайта қарау бойынша 5-8 баптарды қоспағанда, Ассамблеяның нұсқауымен конференцияны дайындайды.

(b) Халықаралық бюро қайта қарау бойынша конференция мәселелерін дайындауда үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен кеңесуі мүмкін.

(с) Бас директор және оған тағайындалған тұлғалар бұл конференциялардың жұмысына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

(4) Халықаралық бюро өзіне жүктелген басқа да міндеттердің кез келгенін орындайды.

7-бап

Қаржылар

(1)(а) Арнайы одақтың бюджеті болады.

(b) Арнайы одақтың бюджеті Арнайы одаққа тән кіріс пен шығысқа ие, оның бюджетке түскен жарнасы Одаққа тиесілі жалпы шығынға жұмсалады, сондай-ақ керек жағдайда Ұйымның Конференциясы бюджетіне бөлінеді.

(c) Одақ үшін жалпы шығындар осы Арнайы одаққа тіптен қатысты емес деп есептеледі, бірақта бір мезгілде Ұйым әкімшілік жүргізетін Одақтардың біреуіне немесе бірнешеуіне жұмсалады. Бұл жалпы шығындағы Арнайы одақтың үлесі оның осы шығындарға мүдделілігіне сәйкес келеді.

(2) Арнайы одақтың бюджеті Ұйым әкімшілік жүргізетін басқа Одақтардың бюджетімен үйлестіру талабын мейлінше ескере отырып қабылданады.

(3) Арнайы одақтың бюджеті мынадай көздер арқылы қаржыландырылады:

(i) Арнайы одақтың елдерінің жарналарынан;

(ii) Арнайы одаққа қатысты Халықаралық қызмет көрсету бюросы ұсынатын алымдар мен төлемдерден;

(iii) Арнайы одаққа қатысты Халықаралық бюро жарияланымдарын сатудан түскен және мұндай жарияланымдарды өзгеге ауыстыру құқығынан түскен кірістерден;

(iv) сыйға беруден, мұрагерлік қаржыдан және субсидиядан;

(v) рентадан, пайыздар мен басқа да кірістерден;

(4)(a) Жарнаны белгілеу үшін (3)(i) тармақта айтылғандай, Арнайы одақтың әрбір елі қай топқа жататындығы, Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж одағына қатыстылығы ескеріледі, сөйтіп өзінің жылдың жарнасын осы одақта аталған топқа тағайындалған бірлік негізінде төлейді.

(b) Арнайы одақтың әрбір елінің жылдық жарнасы жарна төлеуге тиісті барлық елдердің Арнайы одақтың бюджетіндегі жалпы сомаға қатысты сомаға тең келіп, елдердің барлық төлеген жарналарының жалпы мөлшерінің бір бөлігі болып табылады.

(c) Жарна әр жылдың бірінші қаңтарынан бастап төленуге жатады.

(d) Жарна төлеуде қарызы бар елдер Арнайы одақтың барлық органдарында дауыс құқығын жоғалтады, яғни мұндай жағдай сол елдің қарызы соңғы екі жылда оған есептелген жарна көлеміне тең не одан асып түссе орын алады. Бірақ та Арнайы одақтың кез келген органдары мұндай жағдайды душар болған елге төлем төлеу айрықша және болмай қоймайтын жағдайлар нәтижесінде созылып кеткеніне көз жеткізіп тұрса, онда оған бұл органда дауыс құқығын пайдалануды жалғастыра түсуге рұқсат береді.

(e) Егер бюджет жаңа қаржылық кезең басталғанға дейін қабылданбаған жағдайда, қаржы тәртібін реттеу талаптарына сәйкес, бюджет өткен жылдың деңгейінде әрекет етеді.

(5) Арнайы одақтың атынан Халықаралық бюро ұсынған қызмет көрсеткені үшін есептелетін алымдар мен төлемдердің көлемін Бас директор тағайындайды әрі бұл

Ассамблея мүшесі болып табылатын немесе осы датадан кейін оған мүше болатын барлық елдер үшін міндетті болатын жағдаймен қабылданған; Арнайы одақ елдерінің қаржылық міндеттемелігін арттыратын кез келген түзету өздерімен осындай түзету қабылданғаны жөнінде хабарланған елдер үшін міндетті болып табылады.

9 - б а п

Ратификация және қосылу; күшіне ену

(1) Осы Келісімге қол қойған Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына қатысушы-елдердің қай-қайсысы да оны ратификациялай алады немесе, егер оған қол қоймаған болса, қосыла алады.

(2) Ратификациялық грамоталар мен қосылу жөніндегі актілер Бас директордың сақтауына тапсырылады.

(3)(a) Осы Келісім ратификациялық грамоталар мен қосылу жөніндегі актілерді сақтауға тапсырған бірінші бес елге қатысты ратификациялық грамоталар мен қосылу жөніндегі актілерді сақтауға тапсырғаннан кейін үш айдан соң күшіне енеді.

(b) Осы Келісім кез келген елге қатысты жағдайда, егер ратификациялық

грамотада немесе қосылу жөніндегі актіде ғана мейлінше кеш дата көрсетілмесе. Бас директор оны ратификациялау немесе қосылу жөнінде хабарлауды іске асырған датадан бастап үш айдан кейін күшіне енеді. Әлгі айтқан датаға байланысты жағдайда осы Келісім сол елге қатысты қойылған дата бойынша күшіне енеді.

(4) Ратификация немесе қосылу осы Келісім тағайындалған барлық ережелерді тану мен барлық артықшылықтарды алуға өзінен өзі жол ашып береді.

10-бап

Келісімнің күші мен әрекет мерзімі

Осы Келісім Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы еншілеген мерзімді ұстанады.

11-бап

1-4 және 9-15 баптарды қайта қарау

(1) Осы Келісімнің 1-4 және 9-15 баптары жетілдіре түсу мақсатында қайта қарауға ұшырауы мүмкін.

(2) Әрбір қайта қарау Арнайы одақтың елдері өкілдерімен конференцияда

жүзеге асырылады.

12-бап

Бекерлеу

(1) Кез келген ел осы Келісімді Бас директорға жолданған хабарлама арқылы бекерге шығара алады. Ондай бекерге шығару оны жасаған елге ғана қатысты болады, ал сонымен бір мезгілде Арнайы одақтың басқа елдері үшін Келісім күшінде қала береді және ол орындауға жатады.

(2) Бекерлеу Бас директор хабарламаны алған күннен бастап бір жылдан кейін күшіне енеді.

(3) Осы баппен қаралған бекерлеу құқығын Арнайы одақтың елі болған күннен бастап бес жыл өткенше ондай ел қолдана алмайды.

13-бап

Аумақ

Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 24-бабының ережесі осы Келісімге қолданылады.

14-бап

Қол қою; тілдері; хабарлама

(1)(a) Осы Келісімге ағылшын және француз тілдерінде дара данада қол қойылады, әрі екі мәтін де тең түпнұсқада болады және Келісім Швейцария Үкіметінің сақтауына т а п с ы р ы л а д ы .

(b) Осы Келісім қол қою үшін Бернде 1969 жылдың 30 маусымына дейін ашық.

(2) Осы Келісімнің ресми мәтінін Бас директор мүдделі үкіметтермен пікірлескеннен кейін Ассамблея белгілеген басқа тілдерде жасайды.

(3) Бас директор осы Келісімнің қол қойылған мәтінінің екі көшірмесін Швейцарияның Үкіметімен куәландырып, оған қол қойған елдердің және де кез келген елдің үкіметінің сұрауы бойынша жолдайды.

(4) Бас директор осы Келісімді Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында т і р к е у д е н ө т к і з е д і .

(5) Бас директор Арнайы одақтың барлық елдері үкіметтерін осы Келісімнің күшіне

енуі туралы, қол қойылғаны жөнінде, ратификацияланған грамоталар мен қосылу жөніндегі актілердің сақтауға тапсырылғаны туралы, осы Келісімге енгізілген түзетулер туралы, мұндай түзетудің күшіне енетін

мерзімі туралы, және бекерлеуді хабарлау жөнінде хабарлама жасайды.

15-бап

Өтпелі жағдай

Бірінші Бас директор қызметіне кіріскенге дейін осы Келісімдегі Ұйымның Халықаралық бюросына немесе Бас директорға сілтеме Санаткерлік меншік қорғау жөніндегі Біріккен халық бюросына (БИРПИ) немесе олардың Директорына жасалатын сілтемеге сай келеді деп есептелінеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.